Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

4 қаңтар бейсенбі
№1 (2011)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

30 жыл

Бұл көпірді Бәйтеректің әр тұрғыны күтті

Бәйтерек шағын ауданынан Қызылжарма арнасы арқылы өтетін автокөлік көпірін салу жергілікті халықтың көптен бергі қалауы еді. Игілікті жоба жыл соңында пайдалануға беріліп, жұртшылықты қуанышқа бөлеген.

Көпірдің салтанатты ашылу шарасына қала әкімі Асылбек Шәменов пен облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов қатысты.

– Ұлт даналығында «құдық қазу, көпір салу және ағаш егу» сынды үш сауапты іс бар. Бүгінде сол сауаптың ең күрделісі және маңыздысы орындалды. Халықтың сұранысына сәйкес шағын аудан мен қаланы байланыстыратын автокөлік көпірі салынды. Халық талабына сәйкес қажетті жұмыстардың легі мұнымен тоқтамайды. Аймақ басшысының қолдауымен байыпты бастамалар, жарқын жобалар жүзеге аса бермек. Жаңа жыл қарсаңындағы қуанышты сәтпен баршаңызды құттықтаймын! – деді облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов.

Көп жылдан бергі халықтың базынасы болған мәселенің оң шешім тауып, ел игілігіне берілгеніне бәйтеректіктер дән риза. Жергілікті тұрғындар жаңа көпірді салуға қолдау білдірген басшыларға, құрылысқа атсалысқан барша азаматтарға алғыстарын білдірді.

Жаңадан бой көтерген Бәйтерек шағын ауданына қоныстанушылар саны жыл сайын артып келеді. Бүгінде мұнда қажетті инженерлік-инфрақұрылым жүйелері жүргізіліп, халықтың қолайлы өмір сүруіне барынша жағдай жасалған. Былтырдың өзінде аталған шағын аудан аумағында 1 млрд 111 миллион теңгеге 7 дана су ұңғымасы мен 3 дана резервуар құрылысы жүргізілді. Сондай-ақ 1 млрд 261 млн теңгеге 600 орындық мектеп салынып, балалар жаңа білім ұясында білім алуда.

А.ӘЛІМ

Алаштың анасына баланған Сыр елінің экономикалық даму көрсеткіштері 2023 жылы да жақсы нәтиже көрсетті. Өңірде шынында өркендеу мен жаңару бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Егемен елімізді одан әрі дамыту – алдымызда тұрған басты міндет. Біз осы жолда аянбай еңбек етуіміз қажет. Сонда ғана Қазақстан қуатты мемлекетке айналады», – деген болатын. Еліміздің жаңа экономикалық бағдарына негізделген Мемлекет басшысының тапсырмасын мүлтіксіз орындау – біздің негізгі міндетіміз. Республика Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Қызылорда облысының даму қарқыны оң нәтиже беріп отырғаны айтылды.

ЖАҢА ЖЫЛДАН ҮМІТ КӨП

Шынында, Сыр өңірі даму қарқынымен көш бастап тұрғанын аңғару қиын емес. Көз алдымызда көркейіп, өркендеп қуатты өңірге айналған аймақта бастау алған нәтижелі жобалар биыл да жалғасын таппақ.

2-БЕТТЕ

СҰХБАТ

Қоян жылы қаламызда атқарылған жұмыс аз емес. Бірнеше ғимарат пен тұрғын үйдің құрылысы қарқынды жүргізілді. Сондай-ақ жаңадан автокөліктер келіп, қолданысқа берілді. Осы орайда қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебаймен сұхбаттасып, атқарылған жұмыстарды сараладық.

Ғалымжан ЕРКЕБАЙ, қала әкімінің орынбасары:

ҚАЛАНЫ КӨРКЕЙТУ ҮШІН БАР КҮШ-ЖІГЕРІМІЗДІ САЛЫП ЖАТЫРМЫЗ

3-БЕТТЕ

2024: не өзгереді?

Ұлу жылы қазақстандықтар үшін жаңа өзгерістерге толы жыл болмақ. Былтыр заңға енгізілген өзгерістер биылдан бастап күшіне енеді. Сондай-ақ жаңа жылдың басты жаңалығы «Ұлттық қор – балаларға» жобасы іске қосылды. Енді еліміздегі 18 жасқа толмаған әрбір баланың есепшотына қордың жылдық табысының 50 пайызы аударылады.

2-БЕТТЕ



4-БЕТТЕ

Мобильді аударымнан қолма-қол төлеуге көшеміз бе?

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

ҰЛУ ЖЫЛЫ ҰЛЫ ТІРЛІККЕ ТОЛЫ БОЛҒАЙ

Ассалаумағалейкум, қадірлі оқырман! Қоян жылын артқа тастап, ұлу жылын төрге шығарған 2023-ке де жеттік. Бүгін 2023 жылдың алғашқы санын шығарып отырмыз. Газеттің нағыз иесі – оның оқырманы, жазылушысы. Сол себепті де редактор бағаны арқылы газетімізге жазылған қалың оқырманға ризашылық білдіруді жөн санадық. Біздің газетті қажет етіп, жазылған әрбір оқырманға алғыс айтамыз.

Қызылорда облыс орталығы болған соң мұнда өзіндік әдеби, мәдени, рухани ортасы болатыны белгілі. Өз кезегінде ақпарат айдынында желкенін керіп, оқырман қауымға аймақтағы жаңалықтарды жеткізіп отыратын баспасөзі де болады. Қызылорда қаласының төл басылымы, Сыр еліндегі бас шаһардың бас газеті саналатын «Ақмешіт апталығы» биыл 30 жылдық белеске қадам басып отыр.

Қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени-әдеби дүниетанымын қалыптастыруға, кеңейтуге өз кезегінде мерзімді басылымдардың да қосқан зор үлесі бар. Бұл ретте 1994 жылдан бері жарық көріп келе жатқан «Ақмешіт апталығы» басылымында да Сыр журналистикасының қара нарлары еңбек еткенін атап өткен жөн. Газет негізін қалаған Әділхан Бәймен мен басылым жүгін басшымен бірдей көтерген Аманжол Оңғарбаев «Ақмешіт апталығының» келешегіне сенді. Бір кездері мемлекеттік тілдің туын көтерген басылым қаламгерлері елдің жасампаз істерге толы шежіресін жазу жолында үнемі ізденіс үстінде жүрді. Әсіресе аймақтың тыныс-тіршілігін, халықтың әлеуметтік жағдайын, жеткен жетістігі мен еңбек адамын насихаттау журналистер атқарған толассыз істердің қатарында екенін айта кеткен жөн. Бұл газетті Нұржан Нұрмағанбетов, Нұрлан Көбегенұлы, Нағымжан Сауияев, Мұрат Жетпісбаев, Кенжалы Ерімбетов, Дүйсенбек Аяшұлы, Әділжан Үмбет, Қаныбек Әбдуов сынды елге белгілі қалам иелері басқарды. Тағы бір айта кетерлігі, А.Жанаев, Қ.Әшірбекұлы, Ш.Дәрмағанбетов, А.Сәдібекұлы, К.Бердәулетов, А.Келімбетов, Н.Елтай, С.Боқанов, Ә.Жақыпов, Ш.Серікбаев, И.Сейтов, Ш.Маханбетовтей шығармашылық өкілдерінің де осы газетте қаламының табы жатыр. Сонымен қатар суретші Қайырбай Зәкірұлының, фото-тілші Болат Омарәлиевтің, ақын Әділ Ботпановтың қалалық газетте ізі қалғанын айта кеткен жөн.

Облыстық және аудандық басылымдардың басын біріктірген «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қосылғалы бері газет мүмкіндіктері артып, жаңаша форматпен шыға бастады. Редакцияның материалдық-техникалық жарақтандырылуы заманауи сипат алды. Кез келген өнір үшін ақпараттық жүйенің бәсекеге қабілеттілігі айрықша басымдық алып, газеттің баспа нұсқасымен бірге электрондық жүйесін қатар дамыту талабы қойылып отыр. Газеттің электронды нұсқасы әзірленіп, бүгінде әлемнің қай түкпірінен оқимын деген адам болса да мүмкіндік бар. Газет сайтына жергілікті жаңалықтармен қатар әлемде болған оқиғалардың ақпараттары беріліп отыр. Оның үстіне сайт ақпарат агенттігі болып құрылып, әлеуметтік желідегі парақшаларының да жұмысы жүйеленіп келеді. Бұл жағынан алғанда «Ақмешіт апталығын» тек Қызылорданың айнасы ғана емес, сонымен қатар жаһан жаңалықтарының жаршысы болып келе жатқанын атап өтуге болады.

Биылғы сәуірде Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің шығып келе жатқанына 30 жыл толады. 2020 жылдың қыркүйегінен бастап басылым тізгінін ұстау бізге бұйырды. Сол уақыттан бері газет сапасын арттырдық па, әлде төмендетіп алдық па, ол жағын мәртебелі оқырман айта жатар. Ал біз хал-қадірімізше аға буын қаламгерлердің ізін жалғап, «Ақмешіт апталығын» Қызылорданың тыныс-тіршілігін бейнелейтін, өлке тарихын шежірелеп, халықтың үні іспетті басылым болуы үшін еңбек ете береміз. Мерейлі жыл қарсаңында мерейімізді өсіретін оқырманымыз көп болсын! Ұлу жылы ұлы істерге толы болғай!

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

2024: не өзгереді?

Ресми мәліметке сүйенсек, биыл ең төменгі жалақы көлемі 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңға сәйкес 85 мың теңгеге өседі. Соның нәтижесінде барлық сала бойынша 1 миллион 800 мың жұмысшының жалақысы артады. Оның ішінде 350 мыңға жуық бюджет қызметкері бар. Мамандар ең төменгі жалақы деңгейінің өсуі жалақысы төмен жұмысшыларға оң әсер ететінін айтады. Бұдан бөлек ең төменгі зейнетақы, айлық есептік көрсеткіш көлемі де ұлғаяды. Мәселен, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 28215 теңге болса, ең төменгі зейнетақы 57853 теңге, айлық есептік көрсеткіш 3692 теңгені құрайды. Соңғы көрсеткіштің өсуіне байланысты мемлекеттік баждың мөлшері өзгереді. Ал ең төменгі күнкөріс деңгейі 43407 теңге болады.

Осыдан 3 жыл бұрын басталған жалпыға бірдей декларациялаудың биыл үшінші кезеңі жүзеге асады. Бұған дейін мемлекеттік қызметшілер және оларға теңестірілген адамдар, олардың жұбайлары, өткен жылдан бастап мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері мен олардың жұбайлары декларация тапсырған еді. Биыл заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары үшін декларациялау жүргізіледі. Бұл науқанға барлығы 2,6 миллион адам қамтылуы тиіс.

2024 жылы жүзеге асатын тағы бір өзгеріс – халықтың әл-ауқатын арттыру, денсаулығын сақтау шарасы болмақ. Оның ішінде зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбегі ескеріліп, оларға 55 жастан бастап зейнет жасына жеткенше арнайы әлеуметтік төлемдер енгізілмек. Бұл ретте қызметкердің денсаулығына келтірілген зиянның дәрежесі ескерілетін болады. Осылайша жұмысшыға республикалық бюджеттен төленетін арнайы кәсіби мемлекеттік жәрдемақы алуға және қолданыстағы зейнетақы жинақтарын ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналары арқылы БЖЗҚ-дан төлемдер алу құқығы беріледі. Бұл төлемдер зейнеткерлік жасқа жеткенше төленеді.

Халықтың қуана қабылдаған «Ұлттық қор – балаларға» жобасы биыл жүзеге асады. Ұлттық қордан балалардың арнайы жинақ шоттарына аударылған қаражат болашақта тұрғын үй алуға немесе оны қайта жаңғыртуға, білім алуға жұмсалады. Жоба бойынша тұрғын үй сатып алуға немесе жақсартуға ел ішінде ғана рұқсат етіледі. Ал білім алу үшін шетелдік оқу орнында оқуға мүмкіндік бар. 18 жасқа толғанға дейін жинақталған қаражат Ұлттық қорда болады. Десе де балалар азаматтығын өзгерткен жағдайда бұл мүмкіндіктерден айырылады.

Басы 1-бетте

Елімізде шағын және орта кәсіпті дамыту мақсатында кәсіпкерлік нысандарды тексеруге жарияланған мараторий осы жылдан бастап күшін жояды. Енді бақылаудың барлық саласында тәуекелдерді басқару жүйесі енгізіледі.

Сонымен қатар уақытша қабылданған бірыңғай жиынтық төлем жүйесі де биыл күшін жояды. Соған байланысты енді бірыңғай жиынтық төлемді төлеген азаматтарға биылдан бастап жеке кәсіпкер ретінде тіркелу, тиісті салық режимін таңдау міндеттеледі.

Биылдан бастап бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына да өзгерістер енгізіледі. Бұл ретте 1 қаңтардан бастап жұмыс беруші міндетті зейнетақы жарналарын өз қаражаты есебінен жүргізу көзделген. Яғни жұмыс беруші 2024-2028 жылдар аралығында жұмысшының зейнетақы жарнасын 1,5 пайыздан 5 пайызға дейін кезең-кезеңімен өсіре отырып аударады. Бұл өзгеріс жас буынды қолдауға бағытталған.

Биылдан бастап бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына да өзгерістер енгізіледі. Бұл ретте 1 қаңтардан бастап жұмыс беруші міндетті зейнетақы жарналарын өз қаражаты есебінен жүргізу көзделген. Яғни жұмыс беруші 2024-2028 жылдар аралығында жұмысшының зейнетақы жарнасын 1,5 пайыздан 5 пайызға дейін кезең-кезеңімен өсіре отырып аударады. Бұл өзгеріс жас буынды қолдауға бағытталған.

Жаңа өзгерістер тек қаржы саласына емес жол қозғалыс ережесіне де енгізіледі. Бұл жолы көлігінде газ жабдығы бар жүргізушілерге сәйкестендіру белгісінің болуы міндеттеледі. Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы бұйрығына сәйкес леп белгісі және «GAS» деген жазуы бар сары түсті үшбұрыш белгі газ баллонды жабдығы бар көліктердің барлығына жапсырылуы тиіс. Белгіні жапсырудың да өзіндік талабы бар. Бұл газбен жүретін көліктердің жабық тұрақтарға қойылмауын бақылауға, тұрғындардың қауіпсіздігін сақтауға көмектеседі.

Саусақ іздерін тапсыру рәсімі де биыл жүзеге асады. Бұл жоба әзірге ерікті түрде жүзеге асырылады. Алайда елімізге келетін шетелдік азаматтар үшін бұл шара міндетті болмақ.

ЖАҢА ЖЫЛДАН ҮМІТ КЕП

Аймақ басшысы атап көрсеткендей ұлу жылында да елді мекендерді дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыруға арналған жобалар іске асырылатын болады.

«Облыс орталығын дамыту» бағдарламасы шеңберінде 3,7 млрд теңге бөлініп, бұл қаржы қаладағы Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін жол өткелін салуға, Яссауи көшесін қайта жаңғыртуға, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы арқылы Қызылжарма арнасына өтетін көпір құрылысына бағытталды. Мұнымен қоса, «Шағын қалаларды дамыту» бағдарламасы аясында Арал, Қазалы қалаларына 1,6 млрд теңге қаржы қаралған. Ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуда, ауыл халқының жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруда «Ауыл – ел бесігі» жобасының маңызы жоғары. Осы жоба аясында аймағымызға 5,5 млрд теңге қаржы жоспарланып отырғаны алда атқарылар жұмыстардың ауқымдылығынан хабар береді.

Қоян жылы бастау алған «Ауыл аманаты» жобасы биыл да жалғасады. Ауыл халқының табысын арттыруды көздейтін жоба аясында республикалық бюджеттен 5,7 млрд теңге қаржы бөлінбек.

Сондай-ақ алғаш рет агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инвестициялық жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен кредит есебінен 5 млрд теңге бөлінуде. Бұл ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлерге 2,5 пайыздық несие беруге бағытталмақ.

Өнер саласы өкілдеріне арналған 1000 орындық «Өнер орталығының» құрылысы аяқталуға жақын. Орталықта кәсіби концерттік ұжымдардың дайындығына, іс-шара өткізуіне толық жағдай жасалған. Бұл ғимаратқа 50 жылдық тарихы бар облыстық филармония орналасады. Мамандар теміржол вокзалының аумағындағы қазіргі филармония ғимаратының концерттік залы «Жастар театрына» берілетін болды дейді.

Сыр елінің өнерсүйер қауымы үшін тағы бір ақжолтай жаңалық, алдағы уақытта өңірде «Жыраулар үйі» ашылады. Сондай-ақ Қызылорда қаласында жаңа жылу-электр орталығының құрылысы басталды. Инвестор қаржысына салынатын теңдессіз жоба республикада алғаш рет Сыр өңірінен бастау алды.

Осылайша 2023-2028 жылдар аралығында облыста құны 1,1 трлн теңге болатын 65 жоба іске қосылып, 9 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады.

Бұған қоса облыс орталығында Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы салынуда. Құны 20 млрд теңгені құрайтын ірі жоба жоспар бойынша биыл іске қосылуы керек. Заманауи үлгіде салынатын Оқушылар сарайы ұлу жылының аяғына қарай пайдалануға берілмек. Сонымен қатар «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледж ғимаратын салу қолға алынбақ.

Мәдениет пен спорт саласында айта кетер жаңалық бар. Мәселен, 7 мың орынға арналған орталық стадион, сондай-ақ жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу жоспарлануда.

Бұдан бөлек, жүзеге асатын қанат-қақты жобаның бірі 7 ауданда музей, кітапхана, архив, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтары салынады.

Денсаулық саласына бөлініп жатқан қаражат, салынып жатқан нысандар жетерлік. Мәселен, келер жылы қалада 36,4 млрд теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталады. Мұнан бөлек, құны 2,9 млрд теңгені құрайтын «Қан орталығы» салынуда.

Мамандар «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы да қарқын алады дейді. «Жалпы мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек» деген болатын мемлекет басшысы.

Президент тапсырмасына сәйкес «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында біздің аймақта келер жылы 21 мектеп салынады. Жоба құны – 98 млрд теңге. Қазір 10 мектептің құрылысы жүргізілуде. Алдағы уақытта қалған 11-і басталып, 2025 жылы толық тапсырылмақ.

Сондай-ақ «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат құрылысы қарқын алуда.

Алып құрылыс алаңына айналған бас қалада 975 млн теңгеге заманауи үлгідегі автовокзал салынуда. Пайдалануға берілгеннен кейін 124 рейс бойынша 55 автобус бағытын ашу жоспарланған. Олардың қатарында Ташкент қаласына қатынайтын 1 халықаралық, Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Жібек жолы (Черняевка) және Ақтөбе қаласына 8 республикалық, сондай-ақ 46 ауданаралық рейс бар. Автовокзал жаз мезгілінде күніне 3700-ден астам, қыста мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсетеді.

Алдағы уақытта Қызылорда тұрғындарының өзекті мәселелерінің бірі – ыстық сумен қамтамасыз ету қолға алынбақ.

Шыны зауыты жанынан құны 130 млрд теңгеден асатын түрлі шыны бұйымдарын шығаратын 8 ілеспе кәсіпорын құрылатын болады. Жылына 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндірісі іске қосылып, шыны бөтелке мен алғашқы айна зауытының құрылысы басталмақ.

Сондай-ақ Шиелі ауданында 1 млрд теңгенің әк және құрғақ құрылыс қоспасын шығару цехы іске қосылады.

Мұнан бөлек аймақта ұлу жылы 27,1 млрд теңгенің 10 жобасы жүзеге асып, 630 жұмыс орны құрылады. Осылайша мерейі өсіп, мәртебесі көтерілген Сыр еліндегі атқарылған жұмыстар ел назарын аударып, іске асатын жаңа жобаларға дем бергендей.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

БІР ЖЫЛДЫҢ НӘТИЖЕСІ

«AMANAT» партиясының қалалық филиалында қалалық мәслихат жанындағы бақылау комиссиясының төрағасы, партияның депутаттық фракция мүшесі Мейрамбек Есжанов БАҚ өкілдеріне өзі сайланған округ бойынша 12 айда атқарылған жұмыстарды баяндады.

Халық қалаулысының айтуынша, биыл Ақсуат ауылдық округіне «көгілдір отын» қосылды. Ал шілде айында спорт мектебі пайдалануға берілді. Сондай-ақ 10 көше жөндеуден өтіп, бір көшеге депутат өз қаражаты есебінен қиыршық тас төсеген.

– Қызылөзек ауылдық округін аяқсумен қамтамасыз ету үшін арнайы су тартқыш қондырғысы орнатылды. Оқушыларға «Мектепке жол» акциясы аясында 450 мың теңгеге оқу құралдары мен мектеп формасы алынды. Одан бөлек, ауылдық округтегі 6 көшеге асфальт пен тас жол төселген. Алдағы уақытта ауылдың кіреберісіндегі көпірді жөндеу үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленді.

Ақжарма ауылдық округінде де 4 көше күрделі жөндеуден өтіп, 5 көшеге қиыршық тас төселді. Бүгінде бұл ауылда жаңа дәрігерлік амбулатория салынуда. Сондай-ақ ауылға 1 спорт алаңын салуды жоспарлануда.

Сонымен қатар Талсуат ауылы да назардан тыс қалмады, биыл мәдениет үйі пайдалануға беріліп, 5 көшеге асфальт төселді. Ал 2 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салып, 3 көшеге қиыршық тас төселді. Осы аталған ауылдық округтегі жұмыстар бюджет есебінен атқарылған.

Бүгінге дейін партиялық бақылау комиссиясының 9 отырысы өткен. Онда 12 мәселе қозғалып, комиссия отырысы мен мониторинг жұмысы бойынша 17 ұсыныс берілген. Оның 11 жүзеге асса, қалғаны орындалуда, – деді Мейрамбек Есжанов.

Жыл басынан бері партияның есепті кезеңінде 63 мониторингтің 20-сы «Жол картасы» аясында салынған құрылыс жұмысы мен азық-түлік дүкендеріне, жанар-жағармай бекеті мен дәріхананың баға тұрақтылығы бойынша апта сайын бақылау жүргізілді. Нәтижесінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларында бағаның көрсетілмеуі және оларға арнайы орын белгіленбеуі сияқты өзге де жайттар анықталып, тиісті сала мамандарына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Н.МҰҚАТАЕВА

«Алтын балақайдың» кішкентай тұрғындары

Талсуат ауылына арнайы ат басын бұрып барғанда бізді өзінің тартымдылығымен баурап алған тап-тұйнақтай, жып-жылы ұядай бақытты балалар мекені «Алтын балақай» бөбекжай-балабақшасы болды. Жеке кәсіпкер Бағила Күстбаева жеке қаражатымен ашқан балабақша балақайларды өзіне тартатын безендірілуімен, түрлі ойыншықтарымен өте үйлесімді көрінді. Бейнебір ертегілер патшалығында жүргендей жүздері балбұл жанған бөбектер осы ғимараттың қожайынындай өздерін тым еркін ұстайды. Тәрбиешілері де жұдырықтай жүрегін шаттық кернеген балапандарға тәрбие беруден әсте жалықпайтыны көрініп тұрды. Қолмен жасалған тәрбиелік құралдарды тәрбиеші өзі таныстырып шықты. Бүлдіршіндер түрлі тақпақ айтып, ән шырқауда. Жатын бөлмелер де, асхана да тап-таза, мұнтаздай. Тіпті ауылда мұндай балалардың базарлы шағына арналған бөбекжай бар екенін бұл ауылға сапарламасақ білмес те едік. Балабақша құрылтайшысы Бағила Еркінболқызын әңгімеге тарттық.

– Кішкентай балапандарға шаттық сыйлауды үлкен бақыт деп білемін. Бұл менің ашқан үшінші балабақшам. Ауыл балалары да қамқорлықтан құралақан қалмауы керек деп ойлап, біраз балаларды отбасы жағдайына қарай тегін қабылдап жатырмын. Жомарттық – халықтың бойына сіңген асыл қасиет. Балалар бақытты болса, үлкендердің де көңілі тоқ болып, уайымдамай өз жұмысын атқарады. Тәрбиешілер кішкентай бөбектердің өз-өзіне қызмет ету дағдысын қалыптастырып, мектепке дайындайды. Баланың шат күлкісінен шаршағаныңды лезде ұмытып кетесің. Сондықтан бұл жұмыспен айналысқаныма еш өкінбеймін. Кішкентай құлыншақтар аман болсын, – дейді кәсіп иесі.

Жақұттай жәудіреген қаракөз балапандармен біз де қимай қоштастық. Әр бала балалықтың бал дәмін татып, еркін қанат қағып өссе үлкендер үшін бақыт деген сол емес пе?!

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

Ғалымжан ЕРКЕБАЙ, қала әкімінің орынбасары:

ҚАЛАНЫ КӨРКЕЙТУ ҮШІН БАР КҮШ-ЖІГЕРІМІЗДІ САЛЫП ЖАТЫРМЫЗ

– Өзіңізге белгілі, соңғы жылдары Қызылорда қаласы құрылыс алаңына айналды. Жыл қорытындылар тұста қала құрылысының жай-күйіне тоқталсаңыз?

– Қалада соңғы жылдарда құрылыс саласында ауқымды жобалар көбейді. Өткен жылы сол жағалаудың №2 шағын ауданында 5 қабатты 10 тұрғын үй салынса, оның жанында орналасқан 7 қабатты тұрғын үйлердің құрылысын аяқтау биылға жоспарлануда. Сондай-ақ өткен жылы Тасбөгет кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізілсе, Белкөл, Талсуат ауылдық округтерінде 150 орындық клуб салынып, Ақсуат ауылдық округі мен Қосшыңырау ауылдық округіне газ құбыры тартылды. Бұл– аймақтағы құрылыстың қарқынды жүргізілуінің дәлелі.

– Тұрғын үйлерді жаңғырту жұмыстары бойынша түрлі пікір көп. Модернизация жұмысына көңіл толмаушылық басым. Бұл туралы не айтасыз?

– Тұрғын үйлерді қайта жаңғырту бойынша ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 30 сәуірдегі №473 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған», «Өңірлерді дамыту 2020» және «Нұрлы жер 2020-2021» бағдарламалары мен ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес Қызылорда қаласында орналасқан 205 көпқабатты тұрғын үйге 2011-2023 жыл аралығында кондоминиум объектісінің ортақ меншіктегі мүліктеріне күрделі жөндеу жүргізіліп, меншік иелеріне пайдалануға берілді.

Егер құрылыс мекемесі көпқабатты үйлердің қайта жаңғырту жұмыстарына салғырт қарайтын болса, оған сот органдары тарапынан тиісті шара көріледі. Осыған сәйкес тұрғындар тарапынан келіп түскен арыз шағымдар кепілдік мерзім аралығында қайта жүргізіледі.

– Жалпы қаладағы үй кезегінде тұрған азаматтардың қарасы қалың. Кезек қалай жылжуда?

– Қазіргі таңда тұрғын үйге мұқтаж адамдардың тізімдегі жалпы саны бойынша 27 031 отбасы кезекте тұр. Оның шініде біреуі ғана ардагер болса, қалғаны жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және мемлекеттік қызметкерлер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратындар. Сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алған, бұрын «Батыр ана» атағын иеленген немесе I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар мен көпбалалы отбасылардан бөлек, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтары да үй кезегінің тізімінде. Сонымен апаттық жағдайда тұрған үйлердің тұрғындары да үй кезегін күтуде. Осы санаттағы азаматтар үй кезегінің ретілігі бойынша жылжиды.

Айта кетейік, ҚР заңына сәйкес белгіленген тәртіппен өткен жылдың наурыз айында апаттық жағдайдағы 40 отбасына тұрғын үй кезегінің реттілігі бойынша пәтер табысталды.

Мұнан бөлек 2023 жылдың тамыз айында тұрғын үй кезегі реттілігін түгендеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 2276 азамат тұрғын үй кезегінен шығарылды.

– Шыны керек, коммуналдық саланың мәселесі бітпейді. Әсіресе қазіргідей қыс мезгілінде түрлі мәселелер орын алып жатады. Мәселен, тозығы жеткен тұрғын үйлерде жылу жүйесіне шағым айтатындар көп. Бұл мәселе қалай шешімін табуда?

Басы 1-бетте

– Қызылорда қаласы бойынша барлығы 815 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның 711-і орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған, ал 104 үй автономдық блокты модульдік қазандықтар арқылы жылытылады (қатты, сұйық және газ отынымен).

Қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерді жылумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін арнайы жұмысшы топ құрылып, олар қала аумағындағы көпқабатты тұрғын үйлердің жылу жүйелерін тексеріп, аралау жұмыстарын жүргізді.

Тексеру жұмыстарының нәтижесінде 58 көпқабатты тұрғын үйдің өжірілеріндегі жылу жүйелерінде ақау анықталды. Осы мәселені қалпына келтіру мақсатында оған жауапты сала маманы, коммуналдық мекемелер мен дербес бөлім басшылары және пәтер иелері кооперативтерінің, мүлік иелерінің бірлестігінің төрағаларына жиналыс өткізіп, тиісті тапсырмалары берілген.

Қазіргі таңда 58 көпқабатты тұрғын үйдің өжірелеріндегі жылу жүйелерінің ақаулары қалпына келтірілді.

ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 32 бабының 1 тармағына сәйкес пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуді қоса алғанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау және оның қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолдануға міндетті делінген.

Осыған сәйкес көпқабатты тұрғын үйлердің жылу жүйесінде ақау болған жағдайда меншік иелері және кондоминиум обьектісін күтіп ұстаушы органдар бірлесіп, тиісті жұмыстарды жүргізуі қажет.

– Әлеуметтік желіде орталық алаңның жайы да сөз болып жүр. Қазір орталық алаңда құрылыс жүріп жатқаны белгілі. Орталық алаң қалай өзгереді?

– Жобаға сай абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Орталық алаң халық демалатын, уақыт талабына сай көркейген орынға айналады.

– Қаламызда жеті қабатты үйлер пайдалануға берілмек. Бес қабатты үйдің мәселесі аз емес, 7 қабатты үйдің жағдайы қалай болар екен?

– Өңірімізде алғаш рет 7 қабаттан тұратын 84 пәтерлі 6 тұрғын үй құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Құрылыстың жалпы құны 9927 млн теңгені құрайды. Оның шаршы метрі - 37283,4 болса, ал пәтер саны – 504.

Жалпы 7 қабаттан тұратын көпқабатты үй лифтмен қамтылатын болады. Оның құрылыс жұмыстары биыл аяқталып, пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Алдағы уақытта ешқандай мәселе туындамайды деген ойдамыз.

– Соңғы жылдары құрылысты өзгелер емес, жергілікті құрылыс компаниялары салуда. Нәтиже қалай?

– Жоба-сметалық құжаттамалары әзірленгеннен кейін сатып алу конкурсы жарияланады. Конкурс нәтижесінде жеңімпаз мердігер мекеме құрылыс жұмыстарын екі жақты келісім-шартқа сәйкес жүргізеді. Қазіргі таңда қаламызда құрылыс монтаж жұмыстарын жергілікті мекемелерімен қоса басқа да жергілікті емес мекемелерде құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Жергілікті мекемелер құрылыс жұмыстарын жүргізгенде жергілікті мамандар жұмыспен қамтылады және осы арқылы өңіріміздің экономикасы артады.

– Қоғамдық көлік мәселесіне келейікші. Автобустың жүру уақытына шағым айтатындар көп. Бұл мәселе бойынша не айтасыз?

– Өздеріңізге белгілі, Қызылорда қаласында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту және қала тұрғындарының негізгі мәселелерін шешу мақсатында көптеген жұмыс атқарылды. Мәселен, 2022 жылы заманауи үлгідегі, сыйымдылығы үлкен 150-дана автобус алынған. Бүгінде ол қалаішілік бағыттарда халыққа қызмет көрсетуде. Ал өткен жылы аймақ басшысының тікелей қолдауымен қосымша 150-автобусқа өтінім беріліп, оның 50-автобусы келіп жұмысқа қосылды. Қалған 100 автобус жақында келеді.

Жеке тасымалдаушылардың иелігіндегі, аз қамтылған №10, 12, 13, 15, 16, 28, 29, 30 ,31 бағыттар жаңадан келген автобустармен толықтырылып, пандемия уақытында жабылып қалған №3, 19, 20, 22, 23, 33, 34 бағыттар қайта ашылды.

Қазіргі таңда жүру уақытын «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-дағы диспетчерлік орталықта бақылау жүргізілуде.

Айта кететін жайт, жолаушылар арнайы Яндекс және 2ГИС қосымшасы арқылы қоғамдық көліктердің жүру сызбасы мен аялдамаға келу уақытын біле алады.

– Қызылорда қаласының сәулеттік келбетіне қандай баға бересіз?

– Қаламызда сәулеттік келбетін дамыту бағытында «Қалалық сәулет және қала құрылысы» бөлімі 2023 жылдың басынан 95 эскиздік жоба әзірлеп, қала әкімдігіне ұсынылды. Олар – Қызылорда қаласындағы бірқатар даңғыл мен көше бойындағы 26 және 32 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттерін қайта жаңғырту жобасы, Вокзал аумағындағы 2 қабатты тұрғын үйлердің сыртқы қасбетін әрлеу және қаламыздағы көпқабатты тұрғын үйлердің ауласын абаттандыру жобасы. Сондай-ақ 20 әкімшілік ғимараттың қасбеттерін қайта жаңғырту мен 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының құрбандарына арналған «Тағзым» алаңын салу және аллеялар, саябақтар сияқты тағы басқа жобалар әзірленді.

Қаламыздың көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттерінің құрылыс жұмыстары заманауи материалдарымен қапталды.

Сонымен қатар қаламызда бірнеше нысанның құрылысы басталып, «Неке сарайы», «Анаға тағзым» және мектептер пайдалануға берілді.

Жаңа өнер ордасында симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар мен түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізілетін «Өнер орталығы» құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Өңірде қан орталығы ғимаратының да құрылысы қарқын алды. Алдағы уақытта сол жағалауда қасбеттері заманауи талаптарға сай 7-9 қабаттан тұратын тұрғын үй мен физика-математикалық мектептің ғимараты бой көтерсе, балаларға тарту ретінде жаңадан «Оқушылар сарайы» салынады деп жоспарлануда.

Бұған қоса аймақта Болат Өтемұратов қорымен бірге 11 млрд теңгені құрайтын заманауи жолаушылар терминалы және қуаттылығы 240 мегаватқа жететін жаңа жылу электр стансасының құрылысы салынады. Жалпы қаланы көркейту үшін бар күш-жігерімізді салып жатырмыз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан **Нәзира МҰҚАТАЕВА,**
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

СЫРДАРИЯ: СУ ДЕҢГЕЙІ БАҚЫЛАУДА

Қызылорда облысының өнбойын ала ағып жатқан Сыр өзені аймақтың бағы ғана емес, сондай-ақ құты да. Өйткені облысқа қарасты жеті ауданды түгел басып өтіп, Аралға құятын арнаның Қызылорданың тыныс-тіршілігін жандандырып жатқаны белгілі. Сол себепті де өзеннің қазіргі ахуалы жайлы ақпар бергенді құп көрдік.

Қызылорда қалалық қоғамдық даму бөлімі берген мәліметке сүйенсек, облыс аумағына Сырдария өзені арқылы секундына 400 текше метр көлемінде су түсуде. Мұздақтардың қалыңдығы 10-15 сантиметрден аспайды.

Сеңнің қауіпсіз жүруін қадағалау мақсатында жауапты салалармен арнайы жұмыстар жүргізіліп, жағдай толық бақылауға алынған. Сондай-ақ тиісті сала қызметкерлері («Қазгидромет» және «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалдары) Сырдария өзені арнасындағы 10 су бекеті мен 4 су торабының мамандары су деңгейіне күнделікті мониторинг жүргізуде.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҰЛАҒАТ

Ердің алдын кесу – әбестік

Таңғы саф ауамен еркін тыныстап, үйден жұмысқа жаяу жүруді әдетке айналдырғанмын. Бүгін де ертелетіп шығып екі жағымнан тал көмкерілген көшенің орта тұсына келгенде екі бойжеткен менің алдымда келе жатқан ер кісінің алдын кесіп өте шықты. Сол кезде жайбарақат келе жатқан менің көңілім астаң-кестең болды. Негізі бабадан қалған қағидаға бергісіз салт бар ғой бізде «үлкеннің алдын кеспе» деген. Тіпті жас жігіт болса да ер адамның жолын кесу әбестік боп саналады. Соны қазіргі жастар аса сезіне қоймайтын секілді. Негізі кісіліктен гөрі кішілікке үйір болғаннан зиян көрмейміз. Бәрі-бір қанша күштімін десең де әйел заты ер азаматқа бір саты кішілік көрсету керек. Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты болып жауға шапқан аналарымыз да кезінде ер азаматтың қабырғасынан жаратылғанын бар болмыс-бітімімен мойындаған. Әрқашанда әйел мен ер адаммен тең дәрежеде дегеннің жаңсақ көзқарас екенін сезінуіміз керек. Мықтылық, төзімділік әйелдерде көп кездесетін қасиет екені шындық. Алайда ерлердің орны қашанда төрде. Азаматты патшадай күтсең, өзің сол патшаның әйеліндей сезінесің. Ал оны құлдай қып төмендетсең, өзің сол құлдың әйелі боп күн кешесің. Азаматты биіктеткеннен нәзік жандар ешқашан ұтылмайды. Сондықтан қандай тығыз шаруан болса да, ер адамның жолын кесу әдепсіздікке баланады. Осындай ойлар түйдек-түйдегімен келгені сонша жұмысқа қалай жеткенімді сезбей қалдым. Міне, ойға түйгенімді қағазға түсіріп, оқырманға терең ой салу ниетпен жұмыс үстеліме отырдым.

Төле би бабамыздың келін таңдаудағы ұлағатты оқиғасы ойға оралды. Атақты Төле би «Балама әйелді өзім таңдап алып беремін. Байдың байлығына, бидің билігіне қызықпаймын. «Алтын кездік қын түбінде жатпайды» деген. Келінім ақылды болса, балам дана болады. Ердің бақыты – әйел. Ел сыйлайтын ерді ақылмен тәрбиелейтін әйел, кең жайылған дастарханымен ердің атын шығаратын да әйел. Малына, байлығына қызығып, ешкімге құда болмаймын. Келінді асықпай ел арасынан өзім іздеймін. Бұйрық болып, кездессе көрермін. Ырыс, бақыт, қызыр да әйелде. Әйел қызырлы болса, үйіңнен жақсы адам кетпейді. Мысалы, берекелі үйге кім келмейді? Жақсы әйелдің арқасында ердің даңқы асады. «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол» деген. Би түскендей үй болу – әйелден» деп келін іздеуге жолға шығыпты. Сонда аттары болдырып, шөлдеп-шөліркеп келе жатқан жолаушылардың алдынан бір топ атты қыз-келіншек көрінеді. Ол топтың ішінде Данагүл дейтін кедейдің қызы бар еді.

– Ау, апайлар, тоқтаңыздар, аттың басын тартыңыздар. Жоғары жақтан аттылар келе жатыр, алдынан кесе-көлденең өтпейік. Үлкендердің алдынан кесіп өту дұрыс болмайды. Олар ел, жер қорғайтын ерлер. Кім біліпті, араларында асқан ақылды, данышпан қариялары, ашулы, арынды батырлары бар шығар. «Ер сыйлаған есікте қалмас» деген. Әлі-ақ бәрімізде бір-бір үйдің иесі боламыз. Шарапатжақсылығы тиер, үлкен кісілердің батасын алып, алғысына бөленейік. Апалар, аттарыңыздың басын тартыңыздар, тосып тұралық. Атты кісілер алдымыздан кесіп өтсін. Сонан соң жүрсек те ауылымызға жетерміз,– депті Данагүл. Жол кеспей өздерін күтіп тұрғанын Төле би алыстан байқайды. Жақындап келгенде аттан түсіп сыпайы сәлемдескен Данагүлден не үшін кідіргенін сұрайды. Сондағы жауабына разы болған Төле би осы бір ғана қасиетінен-ақ келін қылып алуға бел буыпты. Ер азаматқа деген ілтипат пен сыйластық жайлы бұдан артық не айтуға болады?

Бабаларымыз бұл жайлы «Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық» деп түйіндеген. Құран Кәрімде айтылған еркектің әйелден артықтығының сыры – еркектің мал тапқыштығында, мал табуға жаралғанында. Алла Тағала жұп қылып жаратқан пенделеріне әділетті жолмен тіршіліктің тауқыметін тең бөлген.

Мал таппайтын еркек болмайды, құрарын айт,

Бала таппайтын әйел болмайды, тұрарын айт.

Еркектің міндеті – мал табу, әйелдің міндеті – бала табу. «Еркекті артық қылып жараттық» деген Құран хикметінің сыры да осында. Бұрынғы біздің аналарымыз өз орнын жазбай танып, әйелдіктен – даналыққа, отбасы, ошақ қасы тірлігінен – рулы елдің қамын жейтін ел анасы деңгейіне көтерілгені сондықтан.

Ендеше, ата салттан аттап, ер кісінің алдын кеспейік, азаматтарға құрмет әйелдер қауымына сонау Домалақ ана, Ұлжан әже, Ұлпан аналарамыздан бізге аманат екенін естен шығармайық.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА



Мобильді аударымнан қолма-қол төлеуге көшеміз бе?

Жыл басталғалы бері елдің бәрі абыр-сабыр. Таксиге мінсе де, дүкенге барса да бұрынғыдай телефонмен төлем жасай алмай қалды. Жұрт жақсыға тез үйренеді емес пе, цифрлы әлемнің тұрғынына айнала бастап, оның ішінде онлайн саудаға тез бейімделген тұрғындар қолма-қол ақша ұстауды ұмыта бастаған-ды. Жаңа жылдың алғашқы күнінен мобильді аударымнан бас тарта бастаған сауда орындары көбейе түсіп, бұл да бір мәселеге айналды. Бұл жайтты түсінбеген қарапайым халық «біз де салық төлейміз бе?» деп алаңдап жүргені рас.

Мәселенің мәнісіне келер болсақ, Қаржы министрлігінің кірістер комитетінің баспасөз қызметі 2024 жылдан бастап ай сайын 100 түрлі тұлғадан мобильді аударым қабылдаған азаматтар бақылауға алынатынын хабарлаған еді. Баспасөз қызметінің мәліметінше, қазір кейбір кәсіпкерлер банкте ашылған жеке шотына сатылған тауарлар мен қызметтер үшін мобильді аударымдар арқылы ақы алады. Алайда бұл аударымдар бақылау-касса машиналары мен POS-терминалдарды қолданбай, тиісінше чектер берілмей жүргізілгендіктен заңсыз болып саналады. Оған әкімшілік жауапкершілік көзделген. Осы заң бұзушылықтар қайталанса, салық төлеушінің субъектілігіне байланысты салынатын айыппұл 15 АЕК-тен 50 АЕК-ке дейін жауапкершілік қарастырылады. Мобильді аударым жиі жасалғаны үшін кімдердің салық төлейтінін өткен жыл соңында Үкімет басшысының орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында түсіндерген еді.

– Бұл заң 2022 жылы қабылданды. Кәсіпкерлік қызметтің сипаты бар мобильді аударымдарға салық салынуға тиіс. Туысқандар мен әріптестер арасындағы ақша аударымының кәсіпкерлік қызметке қатысы жоқ. Сондықтан мұндай аударымдарға салық салынбайды. Біз арнайы карта, есепшот ашу қажет екенін айтып жүрміз. Осыны орындағаннан кейін қанша аударым жасайтыныңызды өзіңіз білесіз. Кәсіпкерліктің белгілі бір түрі бойынша тіркеліп, салық төлесеңіз болды. Көлеңкелі экономикада жүрген бизнесті осыған тартып жатырмыз, – дейді қаржы министрі.

Орайы келгенде белгілі экономист Мақсат Халықтың пікірін білген едік.

– Қазір көптеген сауда орны «Каспий» арқылы аударым немесе электронды төлем жүйесінен бас тартып жатыр. Бұл түсінікті жағдай деп ойлаймын. Өйткені биылдан бастап салық комитеті мобильді аударымдарды қадағалауға алатынын мәлімдеген. Соның салдарынан белгілі бір дәрежеде қоғамда даурықпа пікірлер көп. «Бәрі тексеріледі екен. Әсіресе жеке кәсіпкерлердің аударымдары бақылауға алынады. Егер 100 аударымнан асып кетсе, онда ол азаматтарға қосымша сұрақ қойылып, тергеуге алынады» деген әңгімелер айтылуда. Меніңше, мұның барлығы уақытша тенденция. Барлығы да бір жүйеге түскенге дейінгі қадамдар. Салық комитеті тарапынан кәсіпкерлерге үлкен айыппұлдар салып жатса, бұл мәселеге қоғам тарапынан наразылық туындауы мүмкін. Менің ойымша, жұмыс мұндай сипатта жүрмеуі тиіс. Бірінші кезекте түсіндіру жұмыстары жүруі керек. Екінші кезекте ескерту керек. Бұдан нәтиже шықпаса, яғни табысын жасырып қалуды ойлайтын, заңға бағынғысы келмейтін кәсіпкерлерге айыппұл салу, жаза қолдану керек деп ойлаймын. Өйткені бұл жүйеге тез үйрену оңай емес. Егер салық комитеті бірден қатаң шара қолданып жатса, онда қайтадан қолма-қол ақшаға көшіп, көлеңкелі экономиканың үлесі артып кетуі мүмкін. Сол себепті бұл қадамға толық сараланып барып, шешім қабылдануы керек деп есептеймін, – деді экономист.

Бұл мәселенің мәнісін Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары А.Жүсіпов түсіндірді

– Қазір кейбір кәсіпкерлер банктерде ашылған жеке шоттарына сатылған тауарлар, қызметтер үшін мобильді аударымдар арқылы ақы алады. Алайда бұл аударымдар бақылау-касса машиналары (БКМ) мен POS-терминалдарды қолданбай, тиісінше чектер берілмей жүргізіледі. Бұл ескерту түріндегі әкімшілік жауапкершілік көзделген заң бұзушылық болып табылады. Қайталама заң бұзушылық кезінде салық төлеушінің субъектілігіне байланысты салынатын айыппұл 15-тен 50 АЕК-ке дейін құрайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес салық төлеу әркімнің міндеті болып табылатынын еске саламыз.

Салық органдары заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкеден шығару мақсатында тиісті бақылау жүргізеді. 2024 жылдан бастап банк ұйымдары жеке кәсіпкерлердің мобильді аударымдары бойынша деректерді беретін болады. Күнтізбелік үш ай қатарынан ай сайын 100 түрлі тұлғадан мобильді аударымдар алған азаматтар бақылауға алынады.

БКМ қолдануды жеңілдету үшін 2022 жылдан бастап БКМ функцияларын екінші деңгейдегі банктердің POS-терминалдарымен біріктіру бойынша пилоттық жоба жүргізілуде. Бұл БКМ мен POS-терминалдың бір чегін беруге мүмкіндік береді. Пилоттық жобаға «Каспий банк» АҚ, «Халық банк» АҚ және «Банкцентркредит» АҚ қатысуда.

Сонымен қатар, БКМ чектерін бермеу фактілерін анықтау бойынша «Азаматтық бақылау – Чекті талап ет» акциясы өткізілуде. Анықталған бұзушылықтар туралы «Wipon cashback» тегін мобильді қосымшасы арқылы хабарлауға болады. Банктерден ақпарат кезең кезеңімен беріледі:

1) 2023 жылдан бастап – мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілген адамдар және олардың жұбайлары бойынша (2022 жылдың қорытындысы бойынша);

2) 2024 жылдан бастап – мемлекеттік мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері және олардың жұбайлары бойынша (2023 жылдың қорытындысы бойынша);

3) 2025 жылдан бастап – жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалардың басшылары және олардың жұбайлары бойынша (2024 жылдың қорытындысы бойынша);

4) 2026 жылдан бастап – халықтың қалған бөлігі бойынша (2025 жылдың қорытындысы бойынша).

Жоғарыда аталған өзгерістер адал салық төлеушілерге әсер етпейтініне және тек заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкеден шығаруға бағытталғанына назар аударамыз. Яғни жеке тұлғалар, бұрынғыдай, өздерінің жеке мақсаттары үшін туыстарына, достарына, ата-аналары мен балаларына және басқа да өмірлік жағдайларға арналған аударымдарды жасай алады және қабылдай алады.

Негізінен, салық органдары бизнесті заңды жүргізу үшін барлық қолайлы жағдайларды жасады, салық мөлшерлемелері төмен режимдерді қарастырды.Бұл жоба жасырын кірістер мен тіркелмеген кәсіпкерлерді анықтауға бағытталған, өйткені көптеген кәсіпкерлер тауарлар, қызметтер үшін төлемді жеке шоттарға (дүкендер, такси жүргізушілері және т.б.) мобильді аударымдар арқылы алады. Сонымен қатар аударымдар көбінесе чек берілмей қабылданады. Сол себепті кәсіпкерлерге кәсіпкерлік қызметке арналған шоттарға (бизнес-шоттарға) төлем қабылдауды ұсынамыз, – дейді маман.

P.S. Қолма-қол ақшамен сауда жасағанды талап еткен кәсіпкерлердің де аптығы басылар. Цифрлы әлемде кері қадам жасау мүмкін де емес. Бұл өзгеріс көлеңкелі экономикаға кедергі жасауға бағытталғаны белгілі.

Г.МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2889 **Тапсырыс №10**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ